

|                                                                                                                          |                                                                                                                                |                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
|  <p><b>СӘТБАЕВ<br/>УНИВЕРСИТЕТІ</b></p> | <p><b>«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ<br/>ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС<br/>АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b></p> |                                  |
| <p>3-деңгейлі<br/>СМЖ құжаты</p>                                                                                         | <p>2025 жылғы «<u>17</u>» <u>12</u><br/>№2 редакция</p>                                                                        | <p>Е. 029-03-04-02.2.05-2025</p> |

**"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу  
университеті" КЕАҚ  
PhD-Foundation және Masters-Foundation бағдарламалары туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Е. 029-03-04-02.2.05-2025**

Алматы 2025

**АЛҒЫСӨЗ****1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
КЕАҚ ӘЗІРЛЕНДІ**

Докторантура және ҒЗЖ  
ұйымдастыру бөлімінің бастығы  
« 04 » 12 2025 ж.



М. Хведелидзе

**2 КЕЛІСІЛДІ**


Басқарма мүшесі - ғылым және  
корпоративтік даму жөніндегі  
проректор



Е. Көлдеев

« 15 » 12 2025 ж.


Басқарма мүшесі - академиялық  
мәселелер жөніндегі проректор



Р.Ускенбаева

« 15 » 12 2025 ж.

7 Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және  
жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
департаментінің директоры



Ж. Жұмаділова

« 12 » 12 2025 ж.


Қаржы және есеп департаментінің  
директоры- бас бухгалтер



Г.Токжигитова

« 11 » 12 2025 ж.

Академиялық басқару  
жөніндегі Vice - Provost



Н.Кызылбаев

« 10 » 12 2025 ж.

|                           |                                                                   |                  |
|---------------------------|-------------------------------------------------------------------|------------------|
| Е. 029-03-04-02.2.05-2025 | PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламалары туралы<br>ереже | 17 беттің 3-беті |
|---------------------------|-------------------------------------------------------------------|------------------|

Заңгерлік қамтамасыз ету және  
мемлекеттік сатып алу басқармасы  
бастығының міндетін атқарушы



Т. Абуkenов

« 11 » 12 2025 ж.

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы



А. Сауранбаева

« 04 » 12 2025 ж.

Құжаттамалық қамтамасыз ету  
және мемлекеттік тілді дамыту  
бөлімінің бастығы



Ж. Оракбаева

« 02 » 12 2025 ж.

3 “Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ” КЕАҚ Басқармасының 2025 жылғы  
« 17 » 12 № 19 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » наурызындағы № \_\_\_\_\_ редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

**МАЗМҰНЫ**

|                                                                               |    |
|-------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Жалпы ережелер                                                              | 5  |
| 2 Нормативтік сілтемелер                                                      | 5  |
| 3 Қысқартулар, терминдер мен белгілер                                         | 5  |
| 4 PhD-Foundation/M's-Foundation бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібі | 5  |
| 5 Білім беру процесін ұйымдастыру                                             | 6  |
| 6 Оқытушыларға қойылатын талаптар                                             | 7  |
| Қосымшалар                                                                    | 8  |
| Өзгерістерді тіркеу парағы                                                    | 17 |



## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне (бұдан әрі - ҚазҰТЗУ), Сәтбаев Университетіне (СУ) PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламалары бойынша қабылдау және оқыту тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Сәтбаев Университетіне магистратура/PhD докторантура БББТ бойынша өтініштерді қабылдау тегін негізде жүзеге асырылады.

## 2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы ереже:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III "Білім туралы" Заңына; 2018 жылғы 31 қазандағы №600 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне (Сәтбаев Университеті) магистратура мен докторантураға оқуға қабылдау ережесіне сәйкес әзірленді.

## 3 Қысқартулар, терминдер мен белгілер

|             |                                                                          |
|-------------|--------------------------------------------------------------------------|
| СУ, ҚазҰТЗУ | "Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" КЕАҚ |
| ҚР ҒжЖБМ    | Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі            |
| БББ         | Білім беру бағдарламасы                                                  |
| БББТ        | Білім беру бағдарламаларының тобы                                        |
| МББГ        | Мемлекеттік білім беру гранты                                            |

## 4 PhD-Foundation/M's-Foundation бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібі

4.1. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға PhD-Foundation/M's-Foundation бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) Өтініш: жетекшілік ететін проректордың атына белгіленген үлгідегі өтініш;

2) Жеке басын куәландыратын құжат: үміткердің жеке басын сәйкестендіру үшін жеке куәлігінің көшірмесі;

3) M's-Foundation үшін жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

4) PhD-Foundation үшін "Магистр" дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5) PhD-Foundation/M's-Foundation бағдарламасы бойынша оқыту жөніндегі білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт;

6) kb.satbayev.university - ҚазҰТЗУ порталына тіркелу.

4.2 Тыңдаушыны PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламаларына қабылдау бітіруші кафедраның, шет тілдері кафедрасы мен қазақ және орыс тілдері кафедрасының бастапқы тестілеу және/немесе әңгімелесу өткізу (кафедраның қалауы бойынша) арқылы алдын ала іріктеуінен кейін жүргізіледі.

4.3 Жетекшілік ететін проректор жасалған шарт негізінде PhD-Foundation/M's-Foundation бағдарламаларының тыңдаушысы ретінде қабылдау туралы бұйрық шығарады.

## 5 Білім беру процесін ұйымдастыру

5.1. Тыңдаушыға қабылданғаннан кейін үйлестіруші мен магистрлік/докторлық диссертацияның алдын ала тақырыбы тағайындалады, ол магистратура/докторантураға қабылданғаннан кейін университет басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

5.2 PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламалары:

5.2.1 **Дайындық бағдарламасы бойынша:**

1) Ағылшын тілі: IELTS немесе TOEFL (PhD-Foundation) сертификатын алу үшін және қабылдау емтиханына (M's-Foundation) дайындық мақсатында ағылшын тілі курстарын ұсынуды;

2) **Қазақ тілі бойынша:** ҚАЗТЕСТ сертификатын алу мақсатында меңгеру деңгейін арттыру үшін қазақ тілін оқытуды;

3) **Бейіндік пәндер бойынша:**

- *Қабылдау емтиханы:* эссе жазуды үйрете отырып, қабылдау емтиханына дайындауды;

- *Теориялық оқыту:* негізгі және бейіндік пәндерді оқытуды;

4) **Практикалық дайындық бойынша:**

Кәсіптік практикалар: тыңдаушының ағымдағы жұмыс орны есебінен есептелетін кәсіптік практиканың әртүрлі түрлерін ұйымдастыруды.

5) **Тыңдаушының ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша:**

- *Жарияланымдар:* ғылыми басылымдарға дайындау және жариялауды қоса, тыңдаушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тартуды.

- *Докторлық / магистрлік диссертацияны ішінара орындау:* докторлық/магистрлік диссертацияның бөліктерін әзірлеуге қолдау көрсетуді қамтиды.



### 5.2.2 Теориялық курс.

PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламасы магистратура / PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының базалық және бейіндік пәндерін қатар зерделеуді көздейді.

"Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ магистратураға/докторантураға қабылданғаннан кейін өтілген пәндер магистранттың/докторанттың оқу жоспарына трансферт арқылы қайта есептелетін болады.

5.3 PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламаларын оқыту 0/0/100 гибридті оқыту BL (Blended Learning) форматын қарастырады;

5.4 Оқу мерзімі:

PhD-Foundation және M's-foundation бағдарламаларының ұзақтығы - 1 жыл.

5.5 Бағдарламаны сәтті аяқтаудың міндетті шарты тыңдаушының "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ магистратурасына/докторантурасына түсу болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес кешенді тестілеу/қабылдау емтиханын тапсыру магистратураға/докторантураға қабылдану үшін міндетті талап болып табылады. Кешенді тестілеуді/қабылдау емтиханын өткізу 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

## 6 Оқытушыларға қойылатын талаптар

6.1 PhD-Foundation және M's-Foundation бағдарламаларының тыңдаушыларын даярлауға тартылған оқытушы оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді және кешенді тестілеуді/қабылдау емтихандарын (қазақ тілі, ағылшын тілі, бейіндік пәндер бойынша) сәтті тапсыруға тыңдаушымен бірге жауапты болады.

6.2 Оқытушы ай сайын (келесі айдың 10 күнінен кешіктірмей) немесе бағдарлама аяқталғаннан кейін орындалған жұмыстардың актісіне сәйкес, тілдік топтар, бейіндік пәндер бойынша кешенді тестілеуге/қабылдау емтихандарына дайындық кезінде өткізілген сағаттар үшін ақы алады.

1-қосымша

Басқарма мүшесі – жетекшілік  
ететін проректорға \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

(қызметкердің/студенттің аты-жөні)

Тел.: \_\_\_\_\_

## Өтініш

Мені, \_\_\_\_\_

(толық аты-жөні)

202\_\_ жылдың "\_\_\_" "\_\_\_" бастап PhD-Foundation/M's-Foundation  
бағдарламасына (қажетінің астын сызу) тыңдаушы ретінде

(БББТ атауы / ағылш. / қаз.тіл.)

қабылдауыңызды сұраймын.

PhD-Foundation/M's-Foundation бағдарламасы бойынша оқыту туралы  
шартпен таныстым.

Қолы \_\_\_\_\_

"\_\_\_" "\_\_\_" 202\_\_ ж.



2-қосымша

**M's-Foundation бағдарламасы бойынша оқыту жөніндегі  
БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН  
№ \_\_\_\_\_ ШАРТ**

Алматы қ.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 ж.

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Университет» деп аталатын, 2025 жылғы 25 тамыздағы № 31 сенімхат негізінде әрекет ететін ғылым және корпоративтік даму жөніндегі проректор **Көлдеев Ержан Итеменұлы** бір жағынан және бұдан әрі "Тыңдаушы" деп аталатын Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_ (аты-жөні) \_\_\_\_\_ (ЖСН) екінші жағынан, бірлесіп Тараптар деп аталып төмендегідей осы Шартты (бұдан әрі – "Шарт") жасасты:

**1 Шарттың мәні**

1.1. Тыңдаушыны Университеттің магистратурасына түсуге даярлау мақсатында Университет M's-Foundation бағдарламасы бойынша Тыңдаушыны \_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы тобы (БББТ) шеңберінде оқыту жөніндегі қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетеді.

1.2. M's-Foundation бағдарламасы қамтиды:

1.2.1 Ағылшын және қазақ тілдері бойынша дайындық бағдарламасын: бағдарламаның осы бөлігі Тыңдаушыны тілдік емтихандарды тапсыруға және тиісті тілдік сертификаттарды алуға дайындауға бағытталған.

1.2.2 Теориялық курсты: магистратураның білім беру бағдарламаларының базалық және бейіндік пәндерін қатар зерделеу, бағдарлама шеңберінде магистратураның пәндік саласын неғұрлым толық қамтуды қамтамасыз ете отырып, базалық және бейіндік пәндерді бір мезгілде зерделеу көзделген.

1.2.3 M's-Foundation бағдарламасы шеңберінде Тыңдаушы меңгерген өткен пәндерді қайта есепке алу "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ магистратурасына сәтті қабылданғаннан кейін магистранттың оқу жоспарына трансферт арқылы қайта есептелетін болады.

1.3 Оқыту форматы: оқыту Blended Learning (гибридті оқыту) форматында 0/0/100 уақыт бөлу арқылы жүзеге асырылады.

1.4 Қызмет көрсету мерзімі 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін: 1-оқу кезеңі 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін, емтихан тапсыру.

2-оқу кезеңі 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін, емтихан тапсыру.

1-кезеңдегі бағдарламаны сәтті аяқтаған және емтихандарды тапсырған жағдайда, оқытудың 2-кезеңінен өту міндетті емес.

1.5 Шарт Тараптардың \_\_\_\_\_ (егер Шартқа кейінірек қол қойылса, бұл тармақ қажет) туындайтын қатынастарға қолданылады.

1.6 Тыңдаушы шарт жасалған сәттен бастап 2 (екі) жыл ішінде "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ магистратурасына түскен жағдайда ғана M's-Foundation бағдарламасы өтеусіз негізде көрсетіледі.

**2 Тараптардың міндеттері**

2.1. Университет:

2.1.1. Тиісті сапада қызмет көрсетуге;

2.1.2. Шарттың 1.4-тармағында көрсетілген мерзімде қызметтерді толық көлемде көрсетуге;



2.1.3. Топтың жасақталмауына байланысты курстар тоқтатылған жағдайда, бұл туралы Тыңдаушыны осы Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етуге;

2.1.4. Тыңдаушының өтініші бойынша оған бейне жазбалар мен сабақ материалдарын ұсынуға міндетті.

2.2. Тыңдаушы:

2.2.1. Офлайн форматта өткізілетін сабақтар мен емтихандарға қатысуға. Уақтылы келу мүмкін болмаған жағдайда, Тыңдаушы бұл туралы Университетті жазбаша немесе ауызша хабардар етуге;

2.2.2 Университет аумағында қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ ҚР заңнамасының өзге де талаптарын және Университеттің ішкі нормативтік актілерін сақтауға;

2.2.3 "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ магистратурасына түспеген жағдайда, игерілген кредиттер:

1. Ағылшын тілі - 3 кредит;

2. Қазақ тілі - 3 кредит;

3. Бейіндік пәндер - 3 кредит үшін Университетке ақшалай қаражат төлеуге міндетті.

Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес анықталған Университетте бір оқу кредитінің құны Тыңдаушы үшін 25 000 (жиырма бес мың) теңгені құрайды.

Бұл ретте ҚР ҒЖБМ (Ғылым және жоғары білім министрлігі) Тыңдаушы таңдаған БББТ мемлекеттік білім беру грантын бөлмеген немесе Тыңдаушының қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуден өтпеген жағдайда, игерілген кредиттер үшін ақшалай қаражат өтелмейді.

2.3 Тыңдаушы:

2.3.1 Оқытудың 1-кезеңінен сәтті өткен және емтихандарын тапсырған жағдайда, Тыңдаушы оқытудың 2-кезеңінен өтпей, Университеттің магистратурасына түсуге;

2.3.2 Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Тыңдаушы өзінің Шарттан бас тартқаны туралы Университетті дереу жазбаша хабардар етуге міндетті.

### 3 Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3.2. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Университет пен Тыңдаушы арасында туындайтын барлық даулар немесе келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

3.3. Егер Тараптар келіссөздер арқылы және/немесе наразылық тәртібімен өзара келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шартты орындау орны бойынша шешіледі.

3.4. Сабаққа қатыспау осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту болып табылмайды. Егер Тыңдаушы осы Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту туралы өтінішті осы Шартта белгіленген тәртіппен ұсынбаса, онда Тараптар арасындағы шарттық қатынастар қолданыста деп танылады, Университет білім беру қызметін тиісінше көрсетуді жалғастырады.

### 4 Форс-мажор

4.1. Осы Шарт бойынша Тараптар өз міндеттемелерін толық немесе жартылай орындауына кедергі келтіретін, Тараптардың еркі мен күш-жігеріне байланысты емес, атап айтқанда: табиғи апаттар немесе соғыс, кез келген сипаттағы әскери іс-қимыл, оқшаулау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен шығарылған нормативтік құқықтық актілер салдарлар болса, Тараптар осы Шарт бойынша жауапкершілікті орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы Шарттың 4.1-тармағына сәйкес мүмкін болмайтын Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін форс-мажор оқиғаларының басталуына қатысты басқа Тарапқа жазбаша түрде 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы тиіс. Құзыретті уәкілетті органдар (ұйымдар) берген құжаттар осындай мән-жайлар мен олардың ұзақтығын куәландыратын жеткілікті негіз болып табылады.

4.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тараптың оны



жауапкершіліктен босататын мән-жайлардың басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оны форс-мажор мән-жайлардың басталу дерегіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

4.4. Егер бұл мән-жайлар 60 (алпыс) күннен астам уақытқа созылатын болса, онда Тараптардың әрқайсысы шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы болады. Бұл жағдайда шарт тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

### 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

5.1. Тараптар осы Шартты орындау шеңберінде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзатын немесе осындай бұзушылықтың себебі болуы мүмкін ешқандай іс-қимыл жасамауға, оның ішінде ақшалай немесе кез келген өзге нысандағы, қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаларға пара/сыйақыны қоса алғанда (бірақ онымен шектелмейді), коммерциялық ұйымдарды, билік және өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік қызметкерлерді, жеке компанияларды және олардың өкілдерін қоса алғанда (бірақ олармен шектелмейді) тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы заңсыз төлемдерді талап етпеу, алмау, ұсынбау, уәде бермеу және жасамауға міндеттенеді.

5.2. Университеттің кез келген қызметіне, контрагентіне немесе серіктесіне қатысты пара/сыйақы ұсынуға, беруге немесе алуға жол берілмейді. Пара/сыйақы тек ақшалай төлем ғана емес, сонымен қатар сыйлықтар, қарыз беру, алымдарды төлеу, сыйақыларды төлеу, өтеусіз қызмет көрсету немесе кез келген өзге де пайда түрінде, сондай-ақ ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын, біреуді жосықсыз, заңсыз немесе сенімін асыра пайдалануға итермелейтін, оның ішінде іскер топтарға және мемлекеттік органның шешіміне әсер етуге ұмтылатын әрекеттер түрінде де болуы мүмкін.

5.3. Тарапта Шарттың осы бөлімінде көзделген қандай да бір міндеттемелердің бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін деп пайымдау негіздері туындаған жағдайда, тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламада тарап екінші тараптың, оның үлестес (өзара байланысты) тұлғаларының, қызметкерлерінің, уәкілетті өкілдерінің немесе басқа да тұлғалардың осы бөлімнің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

5.4. Осы бөлімнің қандай да бір ережелерінің бұзылғандығы туралы хабарламаны алған Тарап хабарламаны қарауға және жазбаша хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны қарау қорытындылары туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

5.5. Тараптар құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып, осы бөлімнің ережелерін бұзу фактілері бойынша тиісті талқылауды жүзеге асыруға және ықтимал жанжалды жағдайлардың алдын алу бойынша тиімді шараларды қолдануға кепілдік береді. Тараптар бұзушылықтар фактісі туралы хабарлаған хабарламашы тарап үшін жағымсыз салдардың болмауына кепілдік береді.

5.6. Орындаушы жоғарыда баяндалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзған немесе осы Шарттың 5.4-тармағына сәйкес бұзушылық туралы хабарламаны қарау қорытындылары туралы ақпарат алмаған жағдайда, Университет осындай бұзушылықтың себептері жойылғанға дейін осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

### 6. Шарттың қолданылу мерзімі және шартты бұзу тәртібі

6.1. Осы Шарт екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

6.2. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша, сондай-ақ осы Шартта немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бұзылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Шартты өзгертуге немесе бұзуға бастамашы болған Тарап бұл туралы басқа Тараптарды себептерін көрсете отырып жазбаша хабардар етеді. Тындаушының сабаққа келмеуі, оқу жоспарын орындамауы осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту болып табылмайды.

6.3 Тындаушы сабақтарды жүйелі түрде өткізіп алған, оқу жоспарын орындамаған, байланысын жоғалтқан жағдайда Университет оны жазбаша хабардар ету арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.



## 7. Басқа шарттар

7.1. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптар арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер жолымен шешіледі.

7.2. Даулар келіссөздер арқылы шешілмеген жағдайда, олар ҚР заңнамасына сәйкес Университеттің орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

7.3. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысына бір-бірден, бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілінде екі данада жасалды.

7.4. Осы шартта айтылмаған барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

7.5. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгертулер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда орындалса, екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса және мөрлермен (заңды тұлғалар үшін) бекітілсе, жарамды және заңды күші бар деп есептеледі.

## 8. Тараптардың деректемелері мен қолдары

### Университет

«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ  
050013, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 22  
БСН 150140008602, коды 16  
ЖСК KZ628560000006968618  
«Банк ЦентрКредит» АҚ  
Алматы қалалық филиалы  
БИК KCSJBKZKX  
Кбе 16

Басқарма мүшесі-ғылым және  
корпоративтік даму жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Е.И.Көлдеев

\_\_\_\_\_ М.О.

### Тыңдаушы

Тегі, аты-жөні \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

Жеке куәлік

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілді

Тұрғылықты  
мекенжайы: \_\_\_\_\_

Ұялы телефоны \_\_\_\_\_

Үй тел.: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы

3-қосымша

**PhD-Foundation бағдарламасы бойынша оқыту жөніндегі  
БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН  
№ \_\_\_\_\_ ШАРТ**

Алматы қ.

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2025 ж.

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Университет» деп аталатын, 2025 жылғы 25 тамыздағы № 31 сенімхат негізінде әрекет ететін ғылым және корпоративтік даму жөніндегі проректор **Көлдеев Ержан Итеменұлы** бір жағынан және бұдан әрі "Тыңдаушы" деп аталатын Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_ (аты-жөні) \_\_\_\_\_ (ЖСН) екінші жағынан, бірлесіп Тараптар деп аталып төмендегідей осы Шартты (бұдан әрі – "Шарт") жасасты:

**1 Шарттың мәні**

1.1. Тыңдаушыны Университеттің докторантурасына түсуге даярлау мақсатында Университет PhD-Foundation бағдарламасы бойынша Тыңдаушыны D121 – Мұнай және газ геологиясы білім беру бағдарламасы тобы (БББТ) шеңберінде оқыту жөніндегі қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетеді.

1.2. PhD -Foundation бағдарламасы қамтиды:

1.2.1 Ағылшын және қазақ тілдері бойынша дайындық бағдарламасын: бағдарламаның осы бөлігі Тыңдаушыны тілдік емтихандарды тапсыруға және тиісті тілдік сертификаттарды алуға дайындауға бағытталған.

1.2.2 Теориялық курсты: PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының базалық және бейіндік пәндерін қатар зерделеу, бағдарлама шеңберінде докторантураның пәндік саласын неғұрлым толық қамтуды қамтамасыз ете отырып, базалық және бейіндік пәндерді бір мезгілде зерделеу көзделген.

1.2.3 PhD-Foundation бағдарламасы шеңберінде Тыңдаушы меңгерген өткен пәндерді қайта есепке алу "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ докторантураға сәтті қабылданғаннан кейін докторанттың оқу жоспарына трансферт арқылы қайта есептелетін болады.

1.3 Оқыту форматы: оқыту Blended Learning (гибридті оқыту) форматында 0/0/100 уақыт бөлу арқылы жүзеге асырылады.

1.4 Қызмет көрсету мерзімі 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін: оқытудың 1-кезеңі 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін, емтихан тапсыру.

Оқытудың 2-кезеңі 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап, 20\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін, емтихан тапсыру.

1-кезеңдегі бағдарламаны сәтті аяқтаған және емтихандарды тапсырған жағдайда, оқытудың 2-кезеңінен өту міндетті емес.

1.5 Шарт Тараптардың \_\_\_\_\_ (егер Шартқа кейінірек қол қойылса, бұл тармақ қажет) туындайтын қатынастарға қолданылады.

1.6 Тыңдаушы шарт жасалған сәттен бастап 2 (екі) жыл ішінде "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ докторантурасына түскен жағдайда ғана PhD-Foundation бағдарламасы өтеусіз негізде көрсетіледі.

**2 Тараптардың міндеттері**

2.1. Университет:

2.1.1. Тиісті сапада қызмет көрсетуге;

2.1.2. Шарттың 1.4-тармағында көрсетілген мерзімде қызметтерді толық көлемде көрсетуге;



2.1.3. Топтың жасақталмауына байланысты курстар тоқтатылған жағдайда, бұл туралы Тыңдаушыны осы Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етуге;

2.1.4. Тыңдаушының өтініші бойынша оған бейне жазбалар мен сабақ материалдарын ұсынуға міндетті.

2.2. Тыңдаушы:

2.2.1. Офлайн форматта өткізілетін сабақтар мен емтихандарға қатысуға. Уақтылы келу мүмкін болмаған жағдайда, Тыңдаушы бұл туралы Университетті жазбаша немесе ауызша хабардар етуге;

2.2.2 Университет аумағында қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ ҚР заңнамасының өзге де талаптарын және Университеттің ішкі нормативтік актілерін сақтауға;

2.2.3 "Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ" КЕАҚ докторантурасына түспеген жағдайда, игерілген кредиттер:

1. Ағылшын тілі - 6 кредит;

2. Қазақ тілі - 3 кредит;

3. Бейіндік пәндер - 3 кредит үшін Университетке ақшалай қаражат төлеуге міндетті.

Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес анықталған Университетте бір оқу кредитінің құны Тыңдаушы үшін 37 000 (отыз жеті мың) теңгені құрайды.

Бұл ретте ҚР ҒЖБМ (Ғылым және жоғары білім министрлігі) Тыңдаушы таңдаған МБББ мемлекеттік білім беру грантын бөлмеген немесе Тыңдаушының қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуден өтпеген жағдайда, игерілген кредиттер үшін ақшалай қаражат өтелмейді.

2.3 Тыңдаушы:

2.3.1 Оқытудың 1-кезеңінен сәтті өткен және емтихандарын тапсырған жағдайда, Тыңдаушы оқытудың 2-кезеңінен өтпей, Университеттің докторантурасына түсуге;

2.3.2 Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Тыңдаушы өзінің Шарттан бас тартқаны туралы Университетті дереу жазбаша хабардар етуге міндетті.

### 3 Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3.2. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Университет пен Тыңдаушы арасында туындайтын барлық даулар немесе келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

3.3. Егер Тараптар келіссөздер арқылы және/немесе наразылық тәртібімен өзара келісімге келе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шартты орындау орны бойынша шешіледі.

3.4. Сабаққа қатыспау осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту болып табылмайды. Егер Тыңдаушы осы Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту туралы өтінішті осы Шартта белгіленген тәртіппен ұсынбаса, онда Тараптар арасындағы шарттық қатынастар қолданыста деп танылады, Университет білім беру қызметін тиісінше көрсетуді жалғастырады.

### 4 Форс-мажор

4.1. Осы Шарт бойынша Тараптар өз міндеттемелерін толық немесе жартылай орындауына кедергі келтіретін, Тараптардың еркі мен күш-жігеріне байланысты емес, атап айтқанда: табиғи апаттар немесе соғыс, кез келген сипаттағы әскери іс-қимыл, оқшаулау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен шығарылған нормативтік құқықтық актілер салдарлар болса, Тараптар осы Шарт бойынша жауапкершілікті орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы Шарттың 4.1-тармағына сәйкес мүмкін болмайтын Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін форс-мажор оқиғаларының басталуына қатысты басқа Тарапқа жазбаша түрде 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы тиіс. Құзыретті уәкілетті органдар (ұйымдар) берген құжаттар осындай мән-жайлар мен олардың ұзақтығын куәландыратын жеткілікті негіз болып табылады.

4.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тараптың оны



жауапкершіліктен босататын мән-жайлардың басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оны форс-мажор мән-жайлардың басталу дерегіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

4.4. Егер бұл мән-жайлар 60 (алпыс) күннен астам уақытқа созылатын болса, онда Тараптардың әрқайсысы шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы болады. Бұл жағдайда шарт тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

### **5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе**

5.1. Тараптар осы Шартты орындау шеңберінде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзатын немесе осындай бұзушылықтың себебі болуы мүмкін ешқандай іс-қимыл жасамауға, оның ішінде ақшалай немесе кез келген өзге нысандағы, қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаларға пара/сыйақыны қоса алғанда (бірақ онымен шектелмейді), коммерциялық ұйымдарды, билік және өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік қызметкерлерді, жеке компанияларды және олардың өкілдерін қоса алғанда (бірақ олармен шектелмейді) тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы заңсыз төлемдерді талап етпеу, алмау, ұсынбау, уәде бермеу және жасамауға міндеттенеді.

5.2. Университеттің кез келген қызметкеріне, контрагентіне немесе серіктесіне қатысты пара/сыйақы ұсынуға, беруге немесе алуға жол берілмейді. Пара/сыйақы тек ақшалай төлем ғана емес, сонымен қатар сыйлықтар, қарыз беру, алымдарды төлеу, сыйақыларды төлеу, өтеусіз қызмет көрсету немесе кез келген өзге де пайда түрінде, сондай-ақ ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын, біреуді жосықсыз, заңсыз немесе сенімін асыра пайдалануға итермелейтін, оның ішінде іскер топтарға және мемлекеттік органның шешіміне әсер етуге ұмтылатын әрекеттер түрінде де болуы мүмкін.

5.3. Тарапта Шарттың осы бөлімінде көзделген қандай да бір міндеттемелердің бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін деп пайымдау негіздері туындаған жағдайда, тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламада тарап екінші тараптың, оның үлестес (өзара байланысты) тұлғаларының, қызметкерлерінің, уәкілетті өкілдерінің немесе басқа да тұлғалардың осы бөлімнің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

5.4. Осы бөлімнің қандай да бір ережелерінің бұзылғандығы туралы хабарламаны алған Тарап хабарламаны қарауға және жазбаша хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны қарау қорытындылары туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

5.5. Тараптар құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып, осы бөлімнің ережелерін бұзу фактілері бойынша тиісті талқылауды жүзеге асыруға және ықтимал жанжалды жағдайлардың алдын алу бойынша тиімді шараларды қолдануға кепілдік береді. Тараптар бұзушылықтар фактісі туралы хабарлаған хабарламашы тарап үшін жағымсыз салдардың болмауына кепілдік береді.

5.6. Орындаушы жоғарыда баяндалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзған немесе осы Шарттың 5.4-тармағына сәйкес бұзушылық туралы хабарламаны қарау қорытындылары туралы ақпарат алмаған жағдайда, Университет осындай бұзушылықтың себептері жойылғанға дейін осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

### **6. Шарттың қолданылу мерзімі және шартты бұзу тәртібі**

6.1. Осы Шарт екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

6.2. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша, сондай-ақ осы Шартта немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бұзылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Шартты өзгертуге немесе бұзуға бастамашы болған Тарап бұл туралы басқа Тараптарды себептерін көрсете отырып жазбаша хабардар етеді. Тыңдаушының сабаққа келмеуі, оқу жоспарын орындамауы осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту болып табылмайды.

6.3. Тыңдаушы сабақтарды жүйелі түрде өткізіп алған, оқу жоспарын орындамаған, байланысын жоғалтқан жағдайда Университет оны жазбаша хабардар ету арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.



## 7. Басқа шарттар

7.1. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптар арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер жолымен шешіледі.

7.2. Даулар келіссөздер арқылы шешілмеген жағдайда, олар ҚР заңнамасына сәйкес Университеттің орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

7.3. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысына бір-бірден, бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілінде екі данада жасалды.

7.4. Осы шартта айтылмаған барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

7.5. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгертулер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда орындалса, екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса және мөрлермен (заңды тұлғалар үшін) бекітілсе, жарамды және заңды күші бар деп есептеледі.

## 8. Тараптардың деректемелері мен қолдары

### Университет

«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ  
050013, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 22  
БСН 150140008602, коды 16  
ЖСК KZ628560000006968618  
«Банк ЦентрКредит» АҚ  
Алматы қалалық филиалы  
БИК KСJBKZKX  
Кбе 16

Басқарма мүшесі-ғылым және  
корпоративтік даму жөніндегі проректор

Е.И.Көлдеев

М.О.

### Тыңдаушы

Тегі, аты-жөні \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

Жеке куәлік

№ \_\_\_\_\_

берілді

Тұрғылықты

мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тіркелген мекенжайы: \_\_\_\_\_

Ұялы телефоны \_\_\_\_\_

Үй тел.: \_\_\_\_\_

ҚОЛЫ

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| Өзгерістің<br>реттік<br>нөмірі | Құжаттың<br>бөлімі,<br>тармағы | Өзгерістің<br>түрі<br>(ауыстыру,<br>жою, қосу) | Хабарламаның<br>нөмірі мен<br>күні | Өзгеріс енгізілді |                                             |
|--------------------------------|--------------------------------|------------------------------------------------|------------------------------------|-------------------|---------------------------------------------|
|                                |                                |                                                |                                    | Күні              | Тегі және<br>аты-жөні,<br>қолы,<br>лауазымы |
|                                |                                |                                                |                                    |                   |                                             |